

**«Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың
2011-2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік
бағдарламасын іске асырудың бірінші жылының қорытындылары
туралы» тақырыбында 2012 жылғы 20 ақпанда Қазақстан
Республикасы Парламентінің Мәжілісінде өткен
Үкімет сағатының нәтижелері бойынша
ҰСЫНЫСТАР**

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі мен жергілікті атқарушы органдардың скринингтік зерттеулер тиімділігі үшін жауапкершілігінің аражігін дәл ажырата отырып, медицинаның профилактикалық бағыттылығын күшейту жөнінде шаралар қабылдасын.

2. Елдің медицина ұйымдарын кепілдік берілген тегін медициналық көмек шеңберінде әлеуметтік мәні бар ауру түрлерімен ауыр науқастанған азаматтардың жекелеген санаттарына арналған қымбат препараттарды қоса алғанда, сапалы әрі қауіпсіз дәрі-дәрмектермен іркіліссіз қамтамасыз ету тетігін әзірлеу мүмкіндігін қарастырсын.

3. Қазіргі заманғы әлемдік стандарттарды ескере отырып, медициналық білім беру жүйесін, әсіресе, «педиатрия» мамандығы бойынша жаңғырту жөнінде шаралар қабылдасын. Мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарын, әсіресе, бастапқы медициналық-санитариялық көмек деңгейінде кадрлармен қамтамасыз етудің қазіргі принциптерін қайта қарасын.

4. Денсаулық сақтау объектілерінің күрделі құрылысына жұмсалатын мемлекеттік бюджет қаражатын жоспарлауды жетілдіру мен пайдалану тиімділігін арттыру; денсаулық сақтау объектілерін салу мерзімдері мен стандарттарының бұзылуын жою, оларды іске қосу мен одан кейінгі пайдалану кезіндегі проблемаларды жою жөнінде шаралар қабылдасын.

Медициналық ұйымдар желісін дамыту жоспарын Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамытудың 2010 – 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасымен қиюластырсын.

5. Өңірлердің экономикалық болашағын, халықтың көші-қонын, медициналық қызмет көрсетуге деген қажеттілікті және басқа да факторларды ескере отырып, денсаулық сақтау ұйымдарының нормативтік желісі мен даму картасын әзірлеу мүмкіндігін қарастырсын.

6. Денсаулық сақтау мекемелерінің кепілдік берілген тегін медициналық көмек шеңберінде қызметтер көрсетуі туралы халықты мемлекеттік тілдегі ақпаратпен қамтамасыз ету жөнінде шаралар кешенін

әзірлеуді көздесін. Денсаулық сақтаудың бірыңғай ұлттық жүйесі туралы ел азаматтарына ауқымды ақпарат беруді қамтамасыз етсін.

7. Мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдары қызметкерлерінің ақпараттық жүйелермен жұмыс істеуін ұйымдастыруды жақсартуға бағытталған шаралар көздесін. Медициналық мекемелердің компьютерлік техникамен қамтамасыз етілуі мен интернетке қол жеткізуіне мониторинг жүргізісін.

8. Негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымдарында репродукциялық денсаулық сақтау мәселелеріне ерекше көңіл бөле отырып, «Мектеп медицинасы» міндетті курсы енгізу мүмкіндігін қарастырсын.

9. Қаржыландыру көздерін белгілей отырып, геронтологиялық қызметті дамыту жөнінде шаралар кешенін әзірлеу мүмкіндігін қарастырсын.

10. Халқының саны 30 мың адамнан кем аудандарда Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің нормативтеріне сәйкес емханалар мен ауруханаларды бір медициналық ұйымға біріктіру қисындылығы туралы мәселені қарастырсын.

11. Денсаулық сақтау саласындағы орталық және жергілікті атқарушы органдардың арасындағы өкілеттіктердің аражігін неғұрлым дәл ажыратуға бағытталған заң жобасын әзірлеу мүмкіндігін қарастырсын.

12. Негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымдарында оқитындарға медициналық қызметтер көрсету тиімділігі мен сапасын арттыру мақсатында оларда жұмыс істейтін медицина қызметкерлерін денсаулық сақтау жүйесіне бағындыру қисындылығы туралы мәселені қарастырсын.

13. Медициналық жабдықты отандық тауар өндірушілерден ұзақ мерзімді мемлекеттік сатып алу тетігін қалыптастыру жөнінде ұсыныстар дайындасын.